

***Сабынды ауылының Үсенов атындағы ЖОББМ 2023 – 2024 оқу жылы
барысындағы әлеуметтік педагогтың жылдық есебі***

Үсенов атындағы Сабынды орта мектебінде оқу жылы басында – 288 оқушы бар. 2023– 2024 оқу жылы барысында 1 – 11 сынып аралығындағы сынып жетекшілерден әлеуметтік паспорт таратылып оқушыларды әлеуметтік статусы толтырылды. 2023 – 2024 оқу жылында мектебімізде:

- толық емес отбасы – 21, мектепте – 29 бала
- мүгедек балалар - 1 (Рамазан Шапағат – 8а сынып)
- көп балалы отбасы - 46, мектепте – 108 бала
- Сәтсіз отбасыдан 2024 жылдың ақпан айынан бастап Шарипов Дархан, Шарипова Айымгуль, Айтчанов Гулден, Говди Алексей және Нысанбаева Айткул тіркелді.

1 қыркүйектен бастап көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларға берілген әлеуметтік көмектің есебі жинақталып, білім бөліміне тапсырылды. Сынып жетекшілерге сыныптың әлеуметтік паспорты таратылып, ақпараттар толтырылды. Соған сәйкес, көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасылардың тізімі құрылды. Күнделікті білім бөліміне есептер тапсырылып отыр. Барлық құжаттарды номенклатураға сәйкестендірілді. Қамқоршылық кеңес мүшелері және асхана комиссия мүшелері жаңартылды. Оқушылардан тамақтың сапалылығы бойынша сауалнамалар алынып отырады. Қазіргі таңда оқушының жеке әлеуметтік картасы жеке-жеке толтырылды.

Әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық тақырыбы бойынша Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылармен кездесу кезінде жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция тобының «кәмелетке толмаған істері жөніндегі» инспекторы полиция лейтенанты Саден Айтолқын Төлеутайқызы дәріс өткізді.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Галина Саркыт Жаксылыковна мен мектеп психологы Мынжасарова Жумабике Иманзадаевна және мектептің әлеуметтік педагогы Ергалиева Айзада Шакеновна бірлесе отырып жағдайы сәтсіз, өгей ана, өгей әкелермен тұратын отбасылардың әлеуметтік тұрмыстық үй жағдайы бақыланып АКТ толтырылды.

Инклюзивтік білім беру бойынша 1 бала: Рамазан Шапағат үйде оқытылып жатыр.

Рамазан Шапағаттың үйіне ай сайын барып әлеуметтік жағдайы тексерілді. Тексеріс барысында Шапағатта оқу және тіл дамыту пәндері өткізіледі. Пән мұғалімі Халабаева Зульфия Рахатовна, оқушының сабаққа деген қызығушылығы жақсы, оқу және тіл дамыту пәнінен әріптер мен сөздерді мұғалімнің көмегіне жүгінеді екен. Дене дамуы өз жасына сай. Мұғаліммен қарым – қатынасы жақсы. Оқушының үй тұрмыс жағдайы жақсы.

Құқықтық сауаттылық- заман талабы атты семинар 8-11 сынып оқушылары арасында өткізілді.

Сабынды ауылының Үсенов атындағы ЖОББМ 8-11 сыныптардың қатысуымен зорлық-зомбылыққа жол бермейік атты тренинг өткізілді.

7, 8,9,10,11 сынып қыздарымен «Ерте жастағы жүктіліктің зардабы» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында әлеуметтік педагог баяндама оқыды.

Әлеуметтік мәртебесі бар отбасыларға ыстық тамаққа құжатар жинау керектігі туралы хабарландырылды. Құжаттар қабылданып, қамқоршылық кеңес отырысы өткізілді. Қамқоршылық кеңес қорытындысы бойынша 16 отбасы, оның ішінде 39 оқушы әлеуметтік мәртебесі бар ыстық тегін тамақпен және 1-4 сынып оқушылары- 102 бала жаппай тегін тамақпен қамтылсын деген шешімге келді. Жазғы лагерь ұйымдастырылды. Алдағы уақытта материалдық көмекке құжаттар жинақталады.